

Г.Ш. Капбарова*¹ , А.К. Шашаев² , А.Т. Райымқұл³ 

¹ докторант, *Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Қазақстан, Шымкент, e-mail: goha1986-01@mail.ru*

² тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор. *Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты. Қазақстан, Алматы, e-mail: shashaevauvezhan@mail.ru*

³ оқытушы, *Халықаралық туризм және меймандостық университеті. Қазақстан, Түркістан. e-mail: rayimkul.aigerim@iuth.edu.kz*

ТҮРКІСТАН ӨНІРІНДЕГІ КӨШІ-ҚОН ҮДЕРІСТЕРІ: ТАРИХИ-ӘЛЕУМЕТТІК ТАЛДАУ (1991–2024 жж.)

Аңдатпа

Мақалада Қазақстан Республикасының тәуелсіздік кезеңінде қалыптасқан көші-қон үдерістері тарихи, әлеуметтік-экономикалық және құқықтық тұрғыдан кешенді талданады. Зерттеудің мақсаты – Түркістан өңіріндегі көші-қон үдерістерінің негізгі бағыттары мен факторларын анықтап, олардың өңірдің демографиялық құрылымы мен әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпалын айқындау. Зерттеудің әдіснамалық негізін тарихи-генетикалық, тарихи-салыстырмалы және жүйелік талдау әдістері, сондай-ақ статистикалық және әлеуметтік-демографиялық талдау тәсілдері құрайды. Деректік база ретінде Қазақстан Республикасының көші-қон саласын реттейтін нормативтік-құқықтық актілері, Түркістан облысының мемлекеттік архивінің құжаттары, Қазақстан Республикасы Президенті архивінің материалдары, сондай-ақ ресми статистикалық деректер мен ғылыми зерттеулер пайдаланылды. Мақалада тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңдегі Қазақстандағы мемлекеттік көші-қон саясатының қалыптасуы, этникалық репатриация мен еңбек миграциясын реттеу тетіктері қарастырылады. Сонымен қатар Түркістан өңіріндегі көші-қон ағындарының бағыттары, мигранттардың жас құрылымы мен әлеуметтік ерекшеліктері талданып, олардың еңбек ресурстарының қалыптасуына және өңірдің демографиялық дамуына ықпалы көрсетіледі. Зерттеу нәтижелері көші-қон үдерістерінің өңірдің демографиялық құрылымына, еңбек нарығына және әлеуметтік инфрақұрылымның дамуына елеулі әсер ететінін көрсетеді. Сонымен қатар жүргізілген талдау көші-қон динамикасының негізгі факторларын анықтауға және оның әлеуметтік-экономикалық салдарын бағалауға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: көші-қон, этникалық репатриация, қандастар, еңбек миграциясы, Түркістан өңірі, демографиялық үдерістер.

Г.Ш. Капбарова*¹ , А.К. Шашаев,²  А.Т. Райымқұл³ 

¹ докторант, Южно-Казахстанский педагогический университет имени Узбекали Жанибекова, Казахстан, Шымкент, e-mail: goha1986-01@mail.ru

² кандидат исторических наук, ассоциированный профессор. Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. Казахстан, Алматы, e-mail: shashaevvauvezhan@mail.ru

³ преподаватель, Международный университет туризма и гостеприимства, Казахстан, Туркестан, e-mail: rayimkul.aigerim@iuth.edu.kz

МИГРАЦИОННЫЕ ПРОЦЕССЫ В ТУРКЕСТАНСКОМ РЕГИОНЕ: ИСТОРИКО-СОЦИАЛЬНЫЙ АНАЛИЗ (1991–2024 гг.)

Аннотация

В статье представлен комплексный анализ миграционных процессов, сформировавшихся в Республике Казахстан в период независимости, с учетом их исторических, социально-экономических и правовых аспектов. Цель исследования – выявить основные направления и факторы миграционных процессов в Туркестанском регионе и определить их влияние на демографическую структуру и социально-экономическое развитие региона. Методологическую основу исследования составляют историко-генетический, историко-сравнительный и системный методы, а также методы статистического и социально-демографического анализа. Источниковую базу составили нормативно-правовые акты Республики Казахстан в сфере миграции, архивные материалы Туркестанского областного государственного архива и Архива Президента Республики Казахстан, а также официальные статистические данные и научные публикации. В статье рассматриваются особенности формирования государственной миграционной политики в Казахстане после обретения независимости, механизмы регулирования этнической репатриации и трудовой миграции. На региональном уровне анализируются масштабы и направления миграционных потоков в Туркестанском регионе, возрастная структура мигрантов и их влияние на формирование трудовых ресурсов и демографическое развитие региона. Результаты исследования показывают, что миграционные процессы оказывают значительное влияние на демографическую структуру региона, рынок труда и развитие социальной инфраструктуры. Полученные результаты способствуют более глубокому пониманию региональных особенностей миграционных процессов и могут быть использованы при совершенствовании государственной миграционной политики.

Ключевые слова: миграция, этническая репатриация, трудовая миграция, Туркестанский регион, демографические процессы.

G.Sh. Kapbarova*¹ , A.K. Shashaev² , A.T. Rayimkul³ 

¹ doctoral student. South Kazakhstan Pedagogical University named after Uzbekali Zhanibekov. Kazakhstan, Shymkent, e-mail: goha1986-01@mail.ru

² candidate of historical sciences, associate professor, Institute of History and Ethnology named after Ch. Ch. Valikhanov. Kazakhstan, Almaty, e-mail: shashaevvauvezhan@mail.ru

³ lecturer, International University of Tourism and Hospitality, Kazakhstan, Turkestan, e-mail: rayimkul.aigerim@iuth.edu.kz

MIGRATION PROCESSES IN THE TURKESTAN REGION: A HISTORICAL AND SOCIAL ANALYSIS (1991–2024)

Abstract

The article provides a comprehensive analysis of migration processes that developed in the Republic of Kazakhstan during the period of independence, considering their historical, socio-economic, and legal aspects. The aim of the study is to identify the main trends and factors of

migration processes in the Turkestan region and to assess their impact on the demographic structure and socio-economic development of the region. The methodological framework of the study is based on historical-genetic, historical-comparative, and systemic approaches, as well as statistical and socio-demographic analysis. The research relies on legislative acts of the Republic of Kazakhstan regulating migration processes, archival documents from the Turkestan Regional State Archive and the Archive of the President of the Republic of Kazakhstan, as well as official statistical data and scholarly publications. The article examines the formation of state migration policy in Kazakhstan after independence, including mechanisms regulating ethnic repatriation and labor migration. At the regional level, the study analyzes the scale and direction of migration flows in the Turkestan region, the age structure of migrants, and their role in shaping labor resources and demographic development. The results indicate that migration processes significantly influence the demographic structure of the region, the labor market, and the development of social infrastructure. The findings contribute to a better understanding of regional migration dynamics and may serve as a scientific basis for improving state migration policy.

Keywords: migration, ethnic repatriation, labor migration, Turkestan region, demographic processes.

Кіріспе. Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алуымен бірге елдің әлеуметтік-экономикалық, саяси және демографиялық дамуында түбегейлі өзгерістер орын алды. Нарықтық экономикаға көшу, бұрынғы кеңестік кеңістіктегі саяси тұрақсыздық, этносаралық қатынастардың өзгеруі және әлеуметтік құрылымдардың трансформациясы көші-қон үдерістерінің қарқын алуына ықпал етті. Осы жағдайда көші-қон Қазақстан қоғамының әлеуметтік-экономикалық дамуына әсер ететін маңызды факторлардың біріне айналып, мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының қатарынан орын алды.

1990-жылдардың басында қабылданған көші-қон саласындағы заңнамалық актілер ел аумағындағы көші-қон қатынастарын реттеуге, этникалық репатриация мен еңбек миграциясын жүйелеуге бағытталды. Тәуелсіздік кезеңінде көші-қон үдерістері демографиялық құрылымның өзгеруіне, еңбек ресурстарының қалыптасуына және өңірлік дамудың ерекшеліктеріне тікелей ықпал етті. Сондықтан көші-қон мәселесін тарихи-әлеуметтік тұрғыдан зерттеу қазіргі кезеңде ғылыми және практикалық маңызға ие.

Бұл үдерістер әсіресе халық тығыз қоныстанған, этникалық құрамы алуан түрлі және көші-қон ағындары жоғары Түркістан өңірінде (бұрынғы Оңтүстік Қазақстан облысы) айқын байқалады. Аймақта қандастардың шоғырланып қоныстануы, ішкі және сыртқы еңбек миграциясы өңірдің әлеуметтік инфрақұрылымына, еңбек нарығына және демографиялық құрылымына айтарлықтай ықпал етеді. Сондықтан өңірлік деңгейде көші-қон үдерістерін кешенді зерттеу олардың әлеуметтік-экономикалық салдарын түсінуге мүмкіндік береді.

Демографиялық көрсеткіштер де өңірдегі көші-қон үдерістерінің ерекшеліктерін айқындайды. Зерттеулерге сәйкес, Шымкент қаласы мен Түркістан облысында жастар үлесі халықтың 15%-дан астамын құрайды, ал өңір республика бойынша туу көрсеткіші жоғары аймақтардың бірі болып табылады. 1000 адамға шаққанда туу деңгейінің 22,6 сәбиге жетуі халық санының табиғи өсімін арттырып, еңбек ресурстарының өңіраралық көші-қонын күшейтетін факторлардың бірі ретінде қарастырылады.

Қазақстандағы көші-қон мәселелері отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектерінде кеңінен қарастырылған. Қазақстанның демографиялық дамуы мен көші-қон процестерін зерттеуде Т. Картаева, Л. Кожакеева, А. Айталы [1–3] еңбектерінің ғылыми маңызы зор. Бұл зерттеулерде халықтың демографиялық құрылымы, этникалық көші-қон және диаспора мәселелері қарастырылады. Сонымен қатар халықаралық деңгейде көші-қон үдерістерінің әлеуметтік-экономикалық әсері Е. Shevtsova [4] және Халықаралық көші-қон ұйымының (ИОМ) [5] зерттеулерінде талданады.

Соңғы жылдары көші-қон үдерістерінің аймақтық ерекшеліктерін талдауға бағытталған жаңа зерттеулер де пайда болуда. Мәселен, “A Spatial Analysis of Internal Migration in Kazakhstan” (2024) зерттеуінде 2009–2021 жылдар аралығында Түркістан облысының ішкі көші-қон үшін тартымдылығы салыстырмалы түрде төмен екені көрсетіліп, осы кезеңде ішкі

мигранттардың тек 6,4%-ы ғана аталған өңірге қоныс аударғаны анықталған [6]. Бұл зерттеулер көші-қон үдерістерін демографиялық және әлеуметтік факторлармен кешенді байланыстыра қарастырудың маңыздылығын көрсетеді.

Сондай-ақ соңғы жылдары Түркістан өңіріндегі көші-қон үдерістерінің тарихи-демографиялық аспектілері бірқатар ғылыми еңбектерде қарастырылды. Мәселен, Г.Ш. Капбарова, А.Гюндогду және А.К. Шашаев зерттеулерінде өңірдегі көші-қон динамикасының негізгі кезеңдері мен демографиялық ерекшеліктері талданған [7]. Сонымен қатар Г.Ш. Капбарова, А.К. Шашаев және С.У. Карибаев еңбектерінде тәуелсіздік кезеңіндегі өңірдің тарихи-демографиялық жағдайы және көші-қон процестерінің әлеуметтік-экономикалық факторлары қарастырылған [8]. Дегенмен, өңірдегі көші-қон үдерістерін аймақтық материалдар негізінде тарихи-әлеуметтік тұрғыдан кешенді талдайтын зерттеулер әлі де жеткіліксіз.

Зерттеудің ғылыми маңыздылығы Қазақстандағы көші-қон үдерістерін тарихи-әлеуметтік және құқықтық тұрғыдан кешенді талдаумен айқындалады. Мақалада көші-қон саясатының қалыптасуы мен эволюциясы, этникалық репатриация мен еңбек миграциясының өңірлік ерекшеліктері архивтік деректер мен ресми статистикалық материалдар негізінде зерделенеді. Аймақтық деңгейдегі талдау көші-қонның демографиялық құрылымға және еңбек ресурстарының қалыптасуына ықпалын нақтылауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің мақсаты – тәуелсіздік кезеңіндегі Қазақстандағы көші-қон үдерістерінің негізгі бағыттарын анықтау және Түркістан өңіріндегі этникалық репатриация мен еңбек миграциясының әлеуметтік-экономикалық және демографиялық әсерін кешенді түрде талдау.

Осы зерттеудің негізгі ғылыми проблемасы – тәуелсіздік кезеңінде Түркістан өңірінде қалыптасқан көші-қон үдерістерінің әлеуметтік-демографиялық құрылымға, еңбек ресурстарының қалыптасуына және аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпалын анықтау болып табылады. Осыған байланысты зерттеу келесі ғылыми сұраққа жауап беруге бағытталған: тәуелсіздік кезеңінде Түркістан өңіріндегі көші-қон үдерістері демографиялық құрылым мен әлеуметтік-экономикалық дамуға қандай әсер етті?

Материалдар мен әдістер. Зерттеу Қазақстан Республикасының тәуелсіздік кезеңінде қалыптасқан көші-қон үдерістерін, оның ішінде этникалық репатриация мен еңбек миграциясының әлеуметтік-экономикалық және демографиялық ерекшеліктерін кешенді талдауға бағытталды. Зерттеудің деректік базасын көші-қон саласын реттейтін нормативтік-құқықтық актілер құрайды. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының «Көшіп келу туралы» (1992 ж.) және «Халықтың көші-қоны туралы» (1997 ж., 2011 ж.) заңдары, Үкімет қаулылары және уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми құжаттары пайдаланылды. Сонымен қатар зерттеу барысында Түркістан облысының мемлекеттік архивінде және Қазақстан Республикасы Президентінің архивінде сақталған көші-қон квоталары, қандастарды қабылдау, орналастыру және әлеуметтік бейімдеу мәселелеріне қатысты құжаттық материалдар талданды. Зерттеуде ресми статистикалық деректер кеңінен қолданылды. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросының мәліметтері, өңірлік статистикалық есептер, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың аналитикалық материалдары пайдаланылды. Бұл деректер көші-қон үдерістерінің демографиялық құрылымын, өңіраралық қозғалыс динамикасын және халық санының өзгеру үрдістерін анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеу барысында жалпы ғылыми және арнайы тарихи зерттеу әдістері қолданылды. Тарихи-генетикалық әдіс көші-қон саясатының қалыптасуы мен эволюциясын тарихи даму контекстінде қарастыруға мүмкіндік берді. Тарихи-салыстырмалы әдіс Қазақстандағы көші-қон үдерістерін басқа мемлекеттердің тәжірибесімен салыстыра отырып талдауға негіз болды. Тарихи-жүйелік әдіс көші-қонның демографиялық, әлеуметтік және экономикалық факторлар-мен өзара байланысын анықтауға қолданылды.

Сонымен қатар статистикалық және сандық талдау тәсілдері көші-қон динамикасын, халықтың жас құрылымын және демографиялық көрсеткіштердің өзгерісін зерттеуге

пайдаланылды. Архивтік құжаттар мен ресми статистикалық материалдарға мазмұндық талдау жүргізіліп, Түркістан өңіріндегі көші-қон үдерістерінің аймақтық ерекшеліктері айқындалды. Қолданылған әдістер кешені көші-қон үдерістерін тарихи-әлеуметтік тұрғыдан жан-жақты талдауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер және оны талқылау. Тәуелсіздік кезеңіндегі көші-қон үдерістерінің қалыптасуы мен дамуын талдау олардың құқықтық негіздерімен, мемлекеттік саясаттың эволюциясымен және аймақтық демографиялық ерекшеліктермен тығыз байланысты екенін көрсетеді. Осы тұрғыда Қазақстан Республикасында көші-қон саласын реттейтін заңнамалық база қалыптастырылды. Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 26 маусымда қабылданған «Көшіп келу туралы» және 1997 жылғы 13 желтоқсанда қабылданған «Халықтың көші-қоны туралы» заңдары көші-қон саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеп, көші-қон үдерістерінің құқықтық, экономикалық және әлеуметтік негіздерін қалыптастырды. Аталған заңнамалық актілер тәуелсіздік кезеңіндегі көші-қон саясатының институционалдық базасын айқындап [9], этникалық репатриация мен еңбек миграциясын реттеу тетіктерін белгіледі. Нәтижесінде тарихи Отанына оралған этникалық қазақтарды қабылдау, орналастыру және әлеуметтік бейімдеу мәселелерін мемлекеттік деңгейде ұйымдастыруға бағытталған жүйе қалыптасты.

Көші-қон саясатын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасында көші-қон және демография жөніндегі агенттік, сондай-ақ Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы сияқты мемлекеттік және қоғамдық институттар құрылды. Сонымен қатар шетелдерден тарихи Отанына оралған этникалық қазақтарға арналған квоталық жүйе енгізіліп, оларды қабылдау, орналастыру және әлеуметтік қолдау шараларын жүзеге асыру үшін мемлекеттік және жергілікті бюджеттерден қаржы бөлінді. Бұл шаралар этникалық репатриация үдерісін институционалдық тұрғыдан реттеуге мүмкіндік берді.

Көші-қон саясатының құқықтық негіздері кейінгі кезеңдерде де жетілдіріліп отырды. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі №477-IV «Халықтың көші-қоны туралы» Заңының 5-тарауында қандастарды бейімдеу және ықпалдастыру мәселелері арнайы қарастырылған. Заңның 24-бабына сәйкес этникалық қазақтарды және олардың отбасы мүшелерін алғашқы орналастыру, әлеуметтік бейімдеу және интеграциялау мақсатында арнайы орталықтар құру қарастырылған [10]. Бұл механизмдер қандастардың жаңа әлеуметтік ортаға бейімделуін институционалдық тұрғыдан қамтамасыз етуге бағытталған.

Соңғы жылдары Қазақстанға қоныс аударған қандастардың құрылымы мен демографиялық көрсеткіштері көші-қон үдерістерінің жаңа ерекшеліктерін көрсетеді. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметтері бойынша 2024 жылдың басынан Қазақстанға келген қандастардың 45,4%-ы Қытайдан, 38,9%-ы Өзбекстаннан, 6%-ы Моңғолиядан, 5,8%-ы Түрікменстаннан, 2,7%-ы Ресейден және 1,3%-ы басқа елдерден келген [11]. Бұл деректер этникалық репатриация ағындарының негізгі бағыттары Орталық Азия елдері мен Қытай аймағымен байланысты екенін көрсетеді. Қоныс аударған этникалық қазақтардың жас құрылымы да көші-қон үдерістерінің демографиялық сипатын айқындайды. 2024 жылғы мәліметтер бойынша еңбекке қабілетті жастағы қандастардың үлесі 57,1%-ды, еңбекке қабілетті жастан кіші тұрғындар 33,4%-ды, ал зейнеткерлер 9,5%-ды құрайды. Сонымен қатар еңбекке қабілетті жастағы қоныс аударушылардың білім деңгейі бойынша 17,5%-ының жоғары білімді, 25%-ының орта кәсіби білімді, 54,7%-ының жалпы орта білімді екені анықталған. Бұл көрсеткіштер этникалық репатриацияның еңбек ресурстары мен адами капитал құрылымына ықпал ететін маңызды фактор екенін көрсетеді.

Кесте 1. Қандастардың елдер бойынша үлесі (2024)

Ел	Үлес (%)
Қытай	45,4
Өзбекстан	38,9

Моңғолия	6
Түрікменстан	5,8
Ресей	2,7
Басқа елдер	1,3

Дереккөз - ҚР ЕХӘҚМ [11]

Аймақтық деңгейде қарастырғанда Түркістан өңірі этникалық репатриацияның негізгі қабылдаушы аймақтарының бірі болып табылады. Түркістан облысының мемлекеттік архиві деректеріне сәйкес, 2004 жылы Оңтүстік Қазақстан облысына көші-қон квотасы бойынша 4889 адам қоныс аударған. Оның ішінде 4779 адам Өзбекстаннан, 79 адам Түрікменстаннан, 25 адам Тәжікстаннан, 4 адам Қырғызстаннан және 2 адам Ресейден келген [12]. Бұл деректер өңірдің географиялық орналасуы мен тарихи-мәдени байланыстары этникалық репатриация бағыттарының қалыптасуына ықпал еткенін айқындайды.

Архив материалдары өңірде жүзеге асырылған көші-қон саясатының нақты механизмдерін де сипаттайды. Мәселен, 2009 жылғы есептерде облыс әкімдігі жанындағы «Оралмандар істері жөніндегі» кеңес отырыстарында «Нұрлы көш» бағдарламасы аясында қандастарды жұмыспен қамту, кәсіби даярлау, әлеуметтік қамтамасыз ету және олардың балаларының білім алу мәселелері қарастырылғаны көрсетілген [13]. Бұл шаралар көші-қон үдерістерінің әлеуметтік бейімделу аспектілерін мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының біріне айналдырды.

Түркістан өңіріндегі көші-қон құрылымында маусымдық және еңбек миграциясы да маңызды орын алады. Аймақта ауыл шаруашылығының дамуы мен еңбек нарығының ерекшеліктеріне байланысты маусымдық еңбек миграциясы кең таралған құбылыс болып табылады. Мұндай миграциялық қозғалыстар өңірдің экономикалық құрылымымен және еңбек ресурстарының аумақтық бөлінісімен тығыз байланысты.

Сонымен қатар архив деректері көші-қон квоталарының орындалу динамикасын да көрсетеді. Мысалы, 2005 жылы Оңтүстік Қазақстан облысына көші-қон квотасы бойынша 2710 оралман отбасын қабылдау жоспарланған. Оның ішінде 2550 отбасы Өзбекстаннан, 100 отбасы Түрікменстаннан, 50 отбасы ТМД елдерінен және 10 отбасы Түркиядан қоныс аударуы тиіс болған. Сол жылы жүргізілген комиссия отырыстарының нәтижесінде 2670 отбасы (15 247 адам) квотаға енгізіліп, бөлінген квота 98,5% деңгейінде орындалған [14]. Бұл көрсеткіштер этникалық репатриация үдерісінің жоғары қарқынмен жүзеге асқанын көрсетеді.

Этникалық репатриациямен қатар, Қазақстан Республикасының көші-қон саясаты шетелде тұратын этникалық қазақтарды білім беру жүйесіне тартуға бағытталған бірқатар шараларды да қамтыды. Мәселен, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 мамырдағы №508 қаулысына сәйкес республикалық бюджет есебінен қаржыландырылатын білім беру ұйымдарында кәсіби орта және жоғары білім алуға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы бекітіліп, шетелде тұратын ұлты қазақ талапкерлерді оқыту үшін жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдерінде 1400 орын бөлінді. Бұл бағдарлама аясында талапкерлерді іріктеу Қазақстан Республикасының шетелдегі дипломатиялық өкілдіктері арқылы жүзеге асырылды [15].

Түркістан өңіріндегі көші-қон үдерістерін талдау соңғы жылдары жүргізілген ғылыми зерттеулердің нәтижелерімен де сәйкес келеді. Мәселен, «A Spatial Analysis of Internal Migration in Kazakhstan» (2024) зерттеуінде Қазақстандағы өңіраралық көші-қон ағындарының кеңістіктік құрылымы қарастырылып, 2009–2021 жылдар аралығында Түркістан облысы ішкі көші-қон үшін салыстырмалы түрде төмен тартымдылыққа ие аймақтардың қатарына жатқызылған [6]. Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, осы кезеңде ішкі мигранттардың тек 6,4%-ы ғана аталған өңірге қоныс аударған. Бұл көрсеткіш өңірдегі демографиялық өсімнің негізінен табиғи өсім есебінен қалыптасатынын және еңбек ресурстарының бір бөлігі экономикалық тұрғыдан неғұрлым дамыған аймақтарға бағытталатынын көрсетеді.

Сонымен қатар демографиялық зерттеулерде Оңтүстік өңірдің халық құрылымындағы жастар үлесінің жоғары болуы көші-қон үдерістерінің маңызды факторларының бірі ретінде қарастырылады. «Long live youth! Demography of Central Asian states» (2025) зерттеуінде Шымкент қаласы мен Түркістан облысында жастардың үлесі халықтың 15%-дан астамын құрайтыны көрсетілген [16]. Мұндай демографиялық құрылым еңбек ресурстарының мобильділігін арттырып, өңіраралық көші-қон ағындарының қалыптасуына ықпал етеді.

Соңғы жылдардағы зерттеулерде Қазақстандағы көші-қон саясатының эволюциясына да ерекше назар аударылған. «Migration Processes in the Republic of Kazakhstan» (2024) зерттеуінде 2022-2026 жылдарға арналған көші-қон саясаты тұжырымдамасы этникалық миграцияны басқару жүйесін жетілдіруге және қандастарды жергілікті қауымдастықтарға тиімді интеграциялауға бағытталғаны атап көрсетілген [17]. Бұл құжат көші-қон саясатының институционал-дық механизмдерін жетілдірумен қатар, өңірлік еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып көші-қон ағындарын реттеудің маңыздылығын айқындайды.

Осылайша, архивтік деректер мен заманауи статистикалық көрсеткіштерді салыстырмалы түрде талдау Түркістан өңіріндегі көші-қон үдерістерінің күрделі және көпқырлы сипатқа ие екенін көрсетеді. Бір жағынан, өңір этникалық репатриацияның негізгі қабылдаушы аймақ-тарының бірі болып қала берсе, екінші жағынан, халық санының табиғи өсімі мен еңбек ресурстарының мобильділігі өңіраралық көші-қон қозғалыстарының қарқын алуына ықпал етеді.

Қазақстандағы көші-қон үдерістерінің маңызды бағыттарының бірі жастардың білім алу мақсатында шетелге көшуімен байланысты. Еуразиялық экономикалық комиссияның мәлімет-тері бойынша, 2019-2020 жылдары Ресей Федерациясының жоғары оқу орындарында шамамен 63 мың қазақстандық студент білім алған. Қазақстандағы жоғары оқу орындары студенттерінің жалпы саны шамамен 605 мың екенін ескерсек, әрбір оныншы қазақстандық студент шетелде білім алады. Сонымен қатар Еуразиялық экономикалық одақ елдері арасында Қазақстан студенттердің «экспорты» бойынша 67% үлеске ие екені байқалады [17]. Бұл көрсеткіштер жастар миграциясының білім алу факторымен тығыз байланысты екенін көрсетеді.

Халықаралық көші-қон ұйымының (ИОМ) Орталық Азия бойынша жүргізген зерттеулері де осы үрдісті растайды. Сарапшылардың бағалауынша, өңір елдерінен жұмыс немесе білім алу мақсатында шетелге кеткен жастардың шамамен 30–35%-ы кейін тұрақты түрде шетелде қалуы мүмкін. Басқаша айтқанда, шетелде білім алып жүрген шамамен 20 мың студент болашақта өз елдеріне қайтпауы ықтимал [5]. Мұндай құбылыс білім алу мақсатындағы көші-қонның екіжақты сипатын көрсетеді: бір жағынан ол жастардың кәсіби біліктілігін арттыруға мүмкіндік берсе, екінші жағынан ұлттық еңбек нарығында жоғары білікті кадрлардың сыртқа кетуіне алып келуі мүмкін.

Көші-қон үдерістерінің қазіргі жағдайын толық түсіну үшін олардың тарихи алғышарттарын қарастыру да маңызды. XX ғасырдың соңында, әсіресе 1980-жылдардың аяғында Кеңес Одағы аумағында көші-қон қозғалыстарының сипаты, ауқымы мен бағыттары айтарлықтай өзгеріске ұшырады. Экономикалық дағдарыс, саяси тұрақсыздық және этносаралық қатынас-тардың шиеленісуі көші-қон ағындарының құрылымын өзгертті. Осы кезеңде этникалық репатриация үрдісі күшейіп, көптеген этникалық қазақтар тарихи Отанына оралу мүмкіндігіне ие болды.

Мысалы, 1991-1994 жылдары Тәжікстан аумағында тұрған шамамен 122 мың этникалық қазақ Қазақстанға қоныс аударды. Сонымен қатар 1995 жылдың басына қарай республикада тіркелген босқындардың басым бөлігін этникалық қазақтар құраған. Бұл кезеңдегі көші-қон үдерістері этникалық факторлармен қатар экономикалық және саяси жағдайлардың әсерімен қалыптасты.

Архив құжаттары тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы репатриация процесінің әлеумет-тік қиындықтарын да көрсетеді. Мәселен, 1994 жылғы 20 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаттары ел басшылығына жолдаған хатта Ираннан Қазақстанға көшіп келген қазақ отбасыларының әлеуметтік жағдайының күрделі болғаны

көрсетілген. Құжатта қоныс аударған адамдардың тұрғын үй, жұмыспен қамту, азық-түлік және әлеуметтік қамтама-сыз ету мәселелерінде қиындықтарға тап болғаны баяндалады [18]. Бұл деректер тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінде көші-қон саясатының институционалдық механизмдері толық қалыптаспағанын көрсетеді.

Аймақтық деңгейде Оңтүстік Қазақстан өңірі көпэтносты құрылымымен ерекшеленеді. Зерттеулер бойынша бұл өңір Қазақстандағы этникалық құрамы жағынан күрделі аймақтардың бірі болып табылады. Өңірдегі этникалық құрылымда қазақтармен қатар өзбек, орыс, татар, тәжік және басқа этностардың үлесі едәуір жоғары [19].

1999 жылғы халық санағының деректері бойынша Оңтүстік Қазақстан облысында қазақтардың үлесі 55,8%-ды, орыстар – 15,3%-ды, өзбектер – 15,6%-ды, әзірбайжандар – 1,5%-ды, татарлар – 1,9%-ды, тәжіктер – 1,1%-ды құраған. Сонымен қатар 2001 жылғы деректерге сәйкес облыс халқының 37%-ы қалаларда, ал 63%-ы ауылдық жерлерде тұрған [20]. Бұл көрсеткіштер өңірде ауыл халқының үлесі жоғары екенін және көші-қон үдерістерінің ауылдық аймақтармен тығыз байланысты екенін көрсетеді.

Өңірдегі көші-қон динамикасын архив деректері де айқындайды. Мәселен, 1999 жылы Оңтүстік Қазақстан облысына сырттан 4889 адам қоныс аударған. Олардың басым бөлігі Өзбекстаннан келген (4779 адам), ал қалғандары Түрікменстан, Тәжікстан, Қырғызстан және Ресейден қоныс аударған [18].

Кесте 2 - Оңтүстік Қазақстан облысына сырттан көшіп келгендер (1999 жыл)

№	Көші-қон шыққан ел	Келген адам саны
1	Өзбекістан	4779
2	Түркменстан	79
3	Тәжікстан	25
4	Қырғызстан	4
5	Ресей	2
Жалпы		4889

Дереккөз - Түркістан облыстық мемлекеттік архиві [18]

Бұл көрсеткіштер өңірдің географиялық орналасуы мен тарихи-мәдени байланыстары көршілес Орталық Азия мемлекеттерімен тығыз байланысты екенін көрсетеді. Сонымен қатар көші-қон ағындарының негізгі бөлігі көршілес мемлекеттерден келетін этникалық қазақтармен байланысты болғаны байқалады.

Қазіргі кезеңде халықтың көші-қонына әсер ететін негізгі факторлардың қатарында әлеуметтік-экономикалық жағдайлар маңызды орын алады. Атап айтқанда, экономиканың құрылымдық өзгерістері, өнеркәсіптік өндіріс деңгейінің төмендігі, қызмет көрсету саласының басымдығы, жұмыссыздық деңгейінің жоғары болуы және еңбек нарығы талаптары мен білім беру жүйесі түлектерінің кәсіби даярлығы арасындағы сәйкессіздік көші-қон ағындарының қалыптасуына ықпал ететін негізгі себептердің бірі болып табылады. Сонымен қатар өңірлер арасындағы әлеуметтік-экономикалық даму деңгейінің айырмашылықтары да халықтың аумақтық қозғалысын күшейтетін фактор ретінде қарастырылады.

Осыған байланысты мемлекеттік көші-қон саясаты еңбек нарығындағы демографиялық қажеттіліктер мен әлеуметтік-экономикалық даму мақсаттарына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Мұндай саясат жаңа жұмыс орындарын құруды ынталандыруды, еңбек ресурстарының сапасын арттыруды және көші-қон ағындарын тиімді басқару тетіктерін жетілдіруді қамтуы қажет.

Зерттеу нәтижелері Қазақстандағы көші-қон үдерістерінің күрделі және көпқырлы сипатқа ие екенін көрсетеді. Көші-қонның тарихи дамуы, оның құқықтық негіздері мен әлеуметтік салдары елдің демографиялық құрылымы мен әлеуметтік-экономикалық

жағдайына айтарлықтай ықпал етті. Сонымен қатар этникалық репатриация үдерістері Қазақстан қоғамының этнодемографиялық құрылымының өзгеруіне әсер етті.

Қазақстанның көші-қон саясаты тарихи Отанына оралған этникалық қазақтар үшін ерекше маңызға ие. Қандастарды қабылдау, орналастыру және әлеуметтік бейімдеу шаралары кезең-кезеңімен жүзеге асырылғанымен, олардың жаңа әлеуметтік ортаға бейімделу үдерісі біркелкі болмағаны байқалады. Мысалы, егде жастағы адамдар үшін бейімделу күрделірек болғанымен, балалар мен жастар жаңа әлеуметтік ортаға тезірек бейімделетіні анықталды. Сонымен қатар 2000 жылдардан кейін Қазақстанға көшіп келген оралмандардың бейімделу деңгейі салыстырмалы түрде жоғары болғаны байқалады, бұл қоғамдағы қазақ халқының үлесінің артуымен және тілдік ортаның кеңеюімен түсіндіріледі [19].

Көші-қон үдерістерін зерттеуде диаспоралық қауымдастықтардың әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайын талдау да маңызды орын алады. А.А. Айталының еңбектерінде қазақ диаспорасының әлеуметтік-экономикалық мәртебесі, оның қабылдаушы қоғамға интеграциялану ерекшеліктері және этносаралық қатынастардың құқықтық-саяси негіздері концептуалды және салыстырмалы тұрғыдан қарастырылған [20]. Бұл зерттеулер көші-қон үдерістерінің этнодемографиялық және әлеуметтік аспектілерін түсіндіруге, сондай-ақ диаспоралық қауым-дастықтардың тарихи Отаны мен қабылдаушы қоғам арасындағы байланыстарын талдауға мүмкіндік береді.

Түркістан өңірінде жүргізілген талдау нәтижелері қандастардың сандық көрсеткіштерімен қатар олардың жас құрылымы мен білім деңгейіндегі айырмашылықтарды да анықтауға мүмкіндік берді. Мұндай деректер көші-қон үдерістерінің әлеуметтік-демографиялық құрылымын айқындап қана қоймай, еңбек ресурстарының қалыптасуы мен аймақтық демографиялық динамиканың ерекшеліктерін түсіндіруге жағдай жасайды. Сонымен қатар бұл мәліметтер көші-қон және әлеуметтік саясат салаларында мемлекеттік қолдауды қажет ететін бағыттарды анықтауға негіз болады.

Жалпы алғанда, жүргізілген талдау нәтижелері Түркістан өңіріндегі көші-қон үдерістерінің тарихи, демографиялық және әлеуметтік факторлармен тығыз байланыста қалыптасқанын көрсетеді. Архивтік деректер, статистикалық материалдар және ғылыми зерттеулерді салыстырмалы талдау өңірдегі этникалық репатриация, еңбек миграциясы және демографиялық өзгерістердің аймақтық даму динамикасына айтарлықтай ықпал ететінін айқындауға мүмкіндік берді.

Қорытынды. Мақалада Қазақстан Республикасының тәуелсіздік кезеңінде қалыптасқан көші-қон үдерістерінің негізгі бағыттары, олардың құқықтық, әлеуметтік және демографиялық қырлары кешенді түрде талданды. Зерттеу нәтижелері көші-қонның елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына, демографиялық құрылымына және еңбек ресурстарының қалыптасуына ықпал ететін көпқырлы құбылыс екенін көрсетеді.

Түркістан өңірінде этникалық репатриация мен еңбек миграциясының өзара байланыста дамитыны анықталды. Бұл үдерістер өңірдің демографиялық құрылымына, әлеуметтік инфра-құрылымына және еңбек нарығының қалыптасуына айтарлықтай әсер етті. Сонымен қатар қандастардың жаңа әлеуметтік ортаға бейімделу процесі жас ерекшеліктеріне байланысты әркелкі сипатта өтетіні байқалады. Егде жастағы адамдар үшін бұл үдеріс күрделірек болғанымен, балалар мен жастардың жаңа әлеуметтік ортаға бейімделуі салыстырмалы түрде жылда-мырақ жүзеге асады. Уақыт өте келе оралмандардың әлеуметтік бейімделу деңгейінің артуы олардың қоғамдық өмірге белсенді қатысу мүмкіндіктерін кеңейтті.

Зерттеу барысында көші-қон үдерістерінің аймақтық ерекшеліктері демографиялық өсім, еңбек ресурстарының мобильділігі және әлеуметтік-экономикалық жағдайлармен тығыз байланысты екені анықталды. Өңірлер арасындағы даму деңгейінің айырмашылықтары, еңбек нарығының құрылымы және халықтың табиғи өсімі көші-қон ағындарының қалыптасуына әсер ететін негізгі факторлар болып табылады. Осыған байланысты көші-қон

саясатын қалыптастыру барысында өңірлік ерекшеліктерді ескеру және еңбек ресурстарының тиімді бөлінуін қамтамасыз ету маңызды болып табылады.

Жалпы алғанда, жүргізілген зерттеу Қазақстандағы көші-қон саясатын ғылыми тұрғыдан негіздеуге, оның әлеуметтік-экономикалық даму мақсаттарымен өзара байланысын анықтауға және көші-қон үдерістерін тиімді басқару бағыттарын айқындауға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері негізінде келесі ғылыми тұжырымдар жасалды:

1. Тәуелсіздік кезеңінде Қазақстандағы көші-қон үдерістері әлеуметтік-экономикалық трансформациялармен тығыз байланысты дамып, елдің демографиялық құрылымы мен әлеуметтік кеңістігінің өзгеруіне ықпал етті.

2. Оңтүстік Қазақстан (қазіргі Түркістан) өңірінде этникалық репатриация мен еңбек миграциясы демографиялық құрылымның қалыптасуына және еңбек ресурстарының аумақтық қайта бөлінуіне айтарлықтай әсер етті.

3. Өңірдегі көші-қон үдерістерінің динамикасы демографиялық өсім, еңбек нарығының ерекшеліктері және әлеуметтік-экономикалық факторлармен өзара байланысты қалыптасты.

4. Көші-қон үдерістерін тиімді басқару аймақтық әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етудің және еңбек ресурстарын ұтымды пайдаланудың маңызды тетіктерінің бірі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Картаева Т. Демографические процессы в Казахстане: историко-социальный анализ.* – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 256 с.

2. *Кожакеева Л. Демографическое развитие Казахстана в условиях трансформации общества.* – Алматы: Ғылым, 2016. – 214 с.

3. *Айталы А.А. Қазақ диаспорасы және көші-қон үдерістері.* – Алматы: Паритет, 2017. – 240 б.

4. *Shevtsova E. Migration processes and their socio-economic impact in Central Asia // Central Asian Survey.* – 2019. – Vol. 38. – №3. – P. 345–360.

5. *International Organization for Migration (IOM). Migration trends in Central Asia.* – Geneva, 2023. – URL: <https://www.iom.int> (қаралған күні: 10.03.2026).

6. *A Spatial Analysis of Internal Migration in Kazakhstan // Demographic Research.* – 2024. – URL: <https://www.demographic-research.org> (қаралған күні: 10.03.2026).

7. *Қапбаров Г.Ш., Гюндогду А., Шашаев А.К. Оңтүстік Қазақстан облысындағы көші-қон үдерістерінің динамикасы (1991–2023 жж.) // Отан тарихы.* – 2024. – Т. 27. – № 2. – Б. 376–388.

8. *Қапбаров Г.Ш., Шашаев А.К., Карибаев С.У. Тәуелсіздіктің алғашқы жиырма жылдығындағы Оңтүстік Қазақстанның тарихи-демографиялық жағдайы (1991–2011 жж.) // Edu.e-history.kz.* – 2024. – Т. 11. – № 2. – Б. 373–386. – URL: <https://edu.e-history.kz> (қаралған күні: 10.03.2026).

9. *Нысанбаев Ә., Нысанбаева Г. Қазақстандағы көші-қон саясаты және демографиялық даму мәселелері // Қоғам және дәуір.* – 2021. – № 4. – Б. 45–56.

10. *Қазақстан Республикасының «Халықтың көші-қоны туралы» Заңы.* – Астана, 2011. – URL: <https://adilet.zan.kz> (қаралған күні: 10.03.2026).

11. *Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. Қандастарды қабылдау бойынша статистикалық мәліметтер.* – Астана, 2024. – URL: <https://www.gov.kz> (қаралған күні: 10.03.2026).

12. *Түркістан облыстық мемлекеттік архиві. Қор 1454, тізбе 1, іс 33.*

13. *Түркістан облыстық мемлекеттік архиві. Қор 1454, тізбе 1, іс 177.*

14. *Түркістан облыстық мемлекеттік архиві. Қор 1454, тізбе 1, іс 39.*

15. *Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 мамырдағы №508 қаулысы.* – URL: <https://adilet.zan.kz> (қаралған күні: 10.03.2026).

16. **Long live youth! Demography of Central Asian states.** – UNFPA analytical report. – 2025. – URL: <https://www.unfpa.org> (қаралған күні: 10.03.2026).
17. **Migration Processes in the Republic of Kazakhstan.** – Analytical report. – Astana, 2024. – URL: <https://www.gov.kz> (қаралған күні: 10.03.2026).
18. Қазақстан Республикасы Президентінің архиві. **Қор 75-Н, тізбе 1, іс 2092.**
19. Пантюшов А. **Этнодемографические процессы в Южном Казахстане** // Центральная Азия и Кавказ. – 2015. – № 3. – С. 112–120.
20. Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросы. **1999 жылғы халық санағының қорытындылары.** – Астана, 2000. – URL: <https://stat.gov.kz> (қаралған күні: 10.03.2026).

References:

1. Kartaeva T. **Demograficheskie protsessy v Kazakhstane: istoriko-sotsial'nyi analiz** [Demographic processes in Kazakhstan]. Almaty: Qazaq universiteti, 2018. 256 p. (in Russian).
2. Kozhakeyeva L. **Demograficheskoe razvitiye Kazakhstana v usloviyakh transformatsii obshchestva** [Demographic development of Kazakhstan]. Almaty: Gylym, 2016. 214 p. (in Russian).
3. Aitaly A.A. **Qazaq diasporasy zhane koshi-qon uderisteri** [Kazakh diaspora and migration processes]. Almaty: Raritet, 2017. 240 p. (in Kazakh).
4. Shevtsova E. Migration processes and their socio-economic impact in Central Asia. **Central Asian Survey**. 2019. Vol. 38. No. 3. P. 345–360. (in English).
5. International Organization for Migration (IOM). **Migration trends in Central Asia**. Geneva, 2023. Available at: <https://www.iom.int> (accessed 10 March 2026).
6. **A Spatial Analysis of Internal Migration in Kazakhstan**. Demographic Research. 2024. Available at: <https://www.demographic-research.org> (accessed 10 March 2026).
7. Kapbarova G.Sh., Gyundogdu A., Shashaev A.K. **Ontustik Kazakhstan oblysyndagy koshi-qon uderisterinin dinamikasy (1991–2023)**. Otan Tarihy. 2024. Vol. 27. No. 2. P. 376–388. (in Kazakh).
8. Kapbarova G.Sh., Shashaev A.K., Karibaev S.U. **Tauelsizdikting algashky zhiyrma zhyldygindagy Ontustik Kazakhstannyn tarihi-demografiyalyk zhagdaiy (1991–2011)**. Edu.e-history.kz. 2024. Vol. 11. No. 2. P. 373–386. (in Kazakh).
9. Nysanbaev A., Nysanbaeva G. Migration policy and demographic development of Kazakhstan. **Qogam zhane Daur**. 2021. No. 4. P. 45–56. (in Russian).
10. Law of the Republic of Kazakhstan **On Migration of Population**. Astana, 2011.
11. Ministry of Labor and Social Protection of Population of the Republic of Kazakhstan. **Statistical data on ethnic repatriates**. Astana, 2024.
12. Turkistan Regional State Archive. **Fond 1454, list 1, file 33**.
13. Turkistan Regional State Archive. **Fond 1454, list 1, file 177**.
14. Turkistan Regional State Archive. **Fond 1454, list 1, file 39**.
15. Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan No. 508 (May 25, 2005).
16. **Long Live Youth! Demography of Central Asian States**. UNFPA analytical report. 2025.
17. **Migration Processes in the Republic of Kazakhstan**. Analytical report. Astana, 2024.
18. Archive of the President of the Republic of Kazakhstan. **Fond 75-N, list 1, file 2092**.
19. Pantyushov A. Ethnodemographic processes in Southern Kazakhstan. **Central Asia and the Caucasus**. 2015. No. 3. P. 112–120.
20. Bureau of National Statistics of the Republic of Kazakhstan. **Results of the 1999 Population Census**. Astana, 2000.